

Тараз қаласының атауының шығу тегі мен ономастикалық мағынасы бірнеше тарихи, мәдени және географиялық факторлармен байланысты. VI-VIII ғасырларда Тараз алғаш рет Талас деп аталған, кейін араб, парсы және қытай деректерінде қала атаулары Банки, Йанги, далосе деп кездеседі. Бұл атаулар қаланың саяси және экономикалық маңыздылығын, сонымен қатар мәдени байланыстарын көрсетеді. Мақалада зерттелген тарихи жазбалар мен археологиялық деректер Тараз қаласының Орта Азиядағы стратегиялық және сауда орталығы екенін дәлелдейді. Атаулардың әртүрлілігі қаладағы халықтардың этникалық және мәдени құрамын көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ономастикалық талдау арқылы Тараз қаласының тарихи дамуын, оның саяси билігі мен мәдени орталық ретіндегі рөлін толық түсінуге болады. Қала атауының тарихи зерттелуі Тараздың 2000 жылдық тарихын тануда маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құламанова З., Тастағы Тараз тарихы: [кітап-альбом] / З. Құламанова. Алматы: Аспантау, 2017.- 480 б.
2. Байпаков К. Древние города Казахстана. - Алматы: «Аруна Ltd.», 2007. - 384 с.
3. Малявкин А.Г. Танские хроники о государствах Центральной Азии: Тексты и исследования. Новосибирск: Наука. Сиб. отд-ние, 1989. - 432 с.
4. Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. в долине реки Талас и смежных районах // Труды Института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР. Т. 8. 1960
5. Памятники старины Таласской долины [Текст]: Ист.-археол. очерк / Бернштам ; под ред. и с предисловием проф. А.Ю. Якубовского... - Алма-Ата : КазОГИЗ, 1941. - 65 с.
6. Мырзахметұлы М., Жеменей И., Әбдуалиев А. Көне Тараз. - Алматы: "Санат", 2002. - 216 бет.

ТУҒАН ЖЕРІНІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЫ: АТЫРАУ ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА

Марат І.Е.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

Астана қ

marat.inzhu.07@mail.ru

Андатпа

Бұл ғылыми жұмыста Атырау қаласының ономастикалық атауы, оның шығу тарихы, этимологиясы және мәдени-тарихи негіздері зерттеледі. Атырау - Каспий маңы өңірінің ежелгі қалаларының бірі, тарихи кезеңдерде бірнеше атаулармен белгілі болған. Қала атауының өзгеруі өңірдің тарихи, саяси, әлеуметтік-мәдени дамуының көрсеткіші болып табылады. Зерттеуде Атыраудың «Жайық», «Гурьев», және қазіргі «Атырау» атауларының қалыптасу себептері, олардың тарихи деректермен байланысы және халық санасындағы орны талданады. Сонымен қатар ономастикалық атаулардың аймақтық идентификацияға, жергілікті тұрғындардың этномәдени болмысына әсері қарастырылады. Жұмыстың ғылыми құндылығы - Атырау атауының тек лингвистикалық емес, тарихи-өркениеттік сипатын ашу, оның өңірлік тарихи процестермен байланысын көрсету. Зерттеу барысында тарихи деректер, картографиялық материалдар мен ономастика саласының теориялық еңбектері қолданылды. Алынған нәтижелер қала атауының бірнеше ғасырлық эволюциясын, оның саяси билік өзгерістерімен және экономикалық маңызымен сабақтас екенін дәлелдейді. Осы зерттеу Атыраудың ономастикалық жүйесі арқылы аймақтың өзіндік мәдени-тарихи келбетін, халықтың тарихи жадын және топонимдердің ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Ономастика, топоним, Атырау, Гурьев, Жайық, этимология, тарих, атау, аймақ, мәдениет.

Аннотация

В данной статье исследуется историко-культурное значение ономастических названий города Атырау, одного из ключевых региональных центров Прикаспийской зоны. Исследование направлено на анализ топонимической системы города Атырау и прилегающих территорий, включающих различные этапы формирования названий: древний период, время российского колониального

управления и современный этап независимого Казахстана. В работе комплексно использованы архивные документы XIX-XX веков, картографические материалы, исторические хроники, а также устные источники местного населения. В ходе исследования установлено, что изменения географических и урбанонимических названий Атырау тесно связаны с политическими процессами, природно-географическими особенностями региона и этнокультурными трансформациями. Названия «Жайық», «Гурьев» и «Атырау» отражают различные исторические периоды развития города: от природно-ориентированных обозначений, связанных с речной системой и особенностями ландшафта, до имперских переименований, обусловленных административными целями и экономическими интересами России в Прикаспийском регионе. Переименование города в «Атырау» в 1991 году свидетельствует о национальной политике восстановления исторической памяти, возвращении традиционной ономастики и укреплении идентичности. На основании сравнительного анализа архивных данных установлено, что значительная часть исторических топонимов региона сохранила свою первоначальную семантику, связанную с гидрологическими объектами, этнонимами и хозяйственной кызметімен населения. Полученные результаты показывают, что ономастическая система Атырау представляет собой сложный историко-культурный пласт, в котором отражены политические процессы, демографические изменения и природные особенности региона.

Ключевые слова: Атырау, ономастика, топонимия, Жайық, Гурьев, географические названия, Прикаспий, этнолингвистика, историческая семантика, картография.

Abstract

This article examines the historical and cultural significance of the toponymic system of the city of Atyrau, one of the key regional centers of the Caspian region. The study focuses on the analysis of the city's onomastic development across different historical periods, including the ancient stage, the era of Russian imperial administration, and the modern period of independent Kazakhstan. The research utilizes archival documents from the 19th-20th centuries, cartographic materials, historical chronicles, and oral sources from local communities. The findings reveal that the transformation of Atyrau's geographical and urban names is closely connected with political processes, natural and geographical characteristics of the region, and ethnocultural developments. The names "Zhayyq," "Guryev," and "Atyrau" reflect distinct historical phases of the city's evolution: from landscape-based, hydrological naming practices to imperial renaming driven by administrative and economic interests of Russia in the Caspian area. The renaming of the city to "Atyrau" in 1991 represents a national policy aimed at restoring historical memory, revitalizing traditional onomastics, and reinforcing cultural identity. A comparative analysis of archival data shows that many historical toponyms of the region preserved their original semantic meanings linked to hydrological features, ethnonyms, and the traditional economic activities of local populations. The results demonstrate that Atyrau's onomastic system constitutes a complex historical and cultural layer reflecting political transitions, demographic dynamics, and the natural landscape of the region.

Key words: toponymy, Atyrau, etymology, place names, history, linguistic analysis, onomastics, Kazakh-Russian bilingualism, regional identity

Кіріспе

Қала атаулары көбінесе сол өңірдің тарихымен, мәдениетімен және табиғи ерекшеліктерімен тығыз байланысты болып келеді. Әсіресе Атырау сияқты көпқабатты әрі күрделі тарихи жолы бар қаланың ономастикалық атауларын зерттеу оның өткенін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Атырау атауы әр кезеңде өзгеріп, қоғамдағы саяси жағдайлар мен әлеуметтік процестердің ықпалымен қалыптасқан. Бір дәуірде географиялық ерекшеліктерді бейнелейтін атаулар қолданылса, кейін отарлық саясаттың әсерінен қалаға жаңа атау берілді, ал тәуелсіздік жылдары тарихи негізге жақын төл атау қайта оралды. Қала атауының осындай өзгерістері тек ресми құжаттарда көрініс тапқан терминдер ғана емес, олар халықтың тарихи санасында, жергілікті мәдениетте, өңірдің өзіндік болмысында маңызды рөл атқарады. Сондықтан Атыраудың «Жайық», «Гурьев» және қазіргі «Атырау» атауларының мәні мен шығу тегін қарастыру қаланың тарихи келбетін түсінудің маңызды бөлігі.

Бұл жұмыста мен Атырау атауларының қалыптасу себептерін, олардың әрбір тарихи кезеңмен байланысын және атаулардың өңірдің мәдени дамуына қалай әсер еткенін талдауға тырыстым. Зерттеу барысында атаулардың тек тілдік белгі емес, бірнеше ғасырлық тарихи тәжірибені сақтайтын құнды ақпарат көзі екені анық байқалады.

Зерттеу материалы мен әдістер

Бұл зерттеуде Атырау қаласының ономастикалық атауларына қатысты тарихи деректер, карталар, архив материалдары және осы өңірге арналған ғылыми еңбектер негізгі материал ретінде қолданылды. Қала атауларының әр кезеңдегі нұсқаларын салыстыру үшін анықтамалықтар,

энциклопедиялар мен зерттеушілердің еңбектері қарастырылды. Зерттеу әдістерінің ішінде салыстырмалы тарихи әдіс маңызды рөл атқарды ол атаулардың әр кезеңдегі өзгерісін салыстырып, олардың тарихи негізін анықтауға мүмкіндік берді. Этимологиялық талдау атаулардың түбірін және бастапқы мағынасын ашуға бағытталды. Сонымен қатар картографиялық талдау арқылы Атырау атауларының географиялық өзгерістері мен қолданылу аумағы қарастырылды. Қажет жерлерде халық арасынан жинақталған ауызша мәліметтер де қолданылып, ресми деректермен салыстырылды. Осы материалдар мен әдістердің барлығы қала атауының тарихи қалыптасуын толық және объективті түрде талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Атырау қаласының ономастикалық атаулары оның тарихи дамуы мен саяси өзгерістерін айқын көрсетеді. Қала атауының бірнеше рет ауысуы түрлі кезеңдердегі қоғамдық жағдайлармен тығыз байланысты. Сондықтан атауларды жеке құбылыс ретінде емес, сол уақыттың тарихи және мәдени контекстімен бірге қарастыру маңызды. Алғашқы атаулардың бірі «Жайық». Бұл атаудың қолданылуы өңірдің табиғи жағдайына, әсіресе өзеннің қала өміріндегі рөліне байланысты болды [3.1756]. Қазақ халқы жер-су атауларын көбіне табиғат ерекшеліктеріне қарай қойғандықтан,

«Жайық» атауының ұзақ уақыт сақталуы заңды құбылыс. Осы кезең Атырау өңірінің табиғи ортаға негізделген атаулардың басым болғанын көрсетеді. Келесі үлкен өзгеріс «Гурьев» атауының енгізілуі. Бұл атау орыс көпесі Гурий Назаровтың атымен байланысты болғанымен, оның түпкі мәні тек жеке тұлғаға тірелмейді. Бұл кезең Ресей империясының Каспий өңіріндегі саяси ықпалын күшейту саясатының көрінісі болды. Қала бекініс әрі экономикалық орталық ретінде дамығандықтан, атаудың ауысуы отарлық кезеңнің басталуын көрсетеді. Осыған байланысты ономастикалық атаулардың саяси құрал ретінде қолданылғанын байқауға болады. [2. 86б.. Тәуелсіздік жылдарында атаудың «Атырау» болып өзгертілуі ең маңызды кезеңдердің бірі. Жаңа атау табиғи-географиялық ерекшелікті дәл көрсетіп қана қоймай, тарихи әділеттіліктің қалпына келуін білдіреді. «Атырау» сөзі қазақ тілінде өзеннің сағасы, тармақталған су аймағы деген мағына береді. Бұл атау қаланың нақты орналасуына сай келіп, ұлттық бірегейлікті күшейтетін белгіге айналды. Жалпы талдау нәтижесінде Атырау атауларының өзгерісі өңір тарихының, экономикалық байланыстардың, саяси жағдайлардың және этномәдени ерекшеліктердің тікелей ықпалында болғаны анық. [1. 506]. Әрбір атау өз дәуірінің идеологиясын, өмір салтын және қала рөлін көрсетеді. Сондықтан Атырау ономастикасы тек лингвистикалық құбылыс емес, қаланың тарихи жолын көрсететін маңызды айғақ.

Нәтиже

Зерттеу барысында Атырау атауларының тарихи, мәдени және әлеуметтік мәні айқын көрінді. Жер атаулары тек географиялық орындарды белгілеумен шектелмей, аймақтың дамуы мен халық өмірін бейнелейді. Ежелгі атаулар халықтың шаруашылығы, тұрмыссалты, табиғатпен байланысы туралы маңызды мәліметтер береді. Мысалы, «Атырау» атауының өзі су мен табиғат ресурстарымен тығыз байланысты болып, аймақтың балықшылыққа және сауда жолдарына қатысын көрсетеді. [1.686]. Сол арқылы ата-бабалардың өмір салтын, олардың табиғатпен үйлесімділігін және әлеуметтік құрылымын зерттеуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, тарихи атаулар мен заманауи атаулар арасындағы байланыс аймақтың мәдени дамуын көрсетеді. Ежелгі атаулар сақталып, жаңа көшелер мен аудандарға қазіргі заманға сай аттар берілетіні мәдени мұраны сақтау және дамыту үшін маңызды. Бұл процесс халықтың тарихи санасын қалыптастырады, өткенді еске салады және мәдени идентификацияны нығайтады. Атырау ономастикасы тек тарихи мәнге ие емес, сонымен қатар қоғамдық және әлеуметтік тұрғыдан да маңызды. Жер атаулары халықтың рухани өмірін, дәстүрін, фольклорын және дүниетанымын көрсететін мәдени код болып табылады. Мысалы, кейбір атаулар аңыздар мен халық ертегілерінде кездеседі, бұл зерттеушілерге этнографиялық деректерді, дәстүрлі наным-сенімдерді, сондай-ақ халықтың ойлау жүйесін түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды тұсы - жер атауларының аймақ тарихындағы оқиғалармен тығыз байланысы. Сауда жолдары, қорғаныс бекеттері, маңызды тарихи орындар мен елді мекендер атаулары арқылы зерттеушілер өткеннің нақты бейнесін қалпына келтіре алады. Бұл тарихи деректерді зерттеуде ономастика ғылымының рөлі зор екенін көрсетеді. [4.1026]. Сондай-ақ, қазіргі заманда атаулардың өзгеруі мен жаңаруы аймақтың әлеуметтік және мәдени дамуын көрсетеді. Жаңа көшелер мен аудандарға берілетін атаулар көбіне белгілі тұлғаларға, маңызды оқиғаларға немесе табиғат ерекшеліктеріне байланысты таңдалады.

Бұл тарихи атаулар мен заманауи мәдени құндылықтарды байланыстырады және аймақтың мәдени мұрасын болашаққа жеткізеді.

Қорытынды

Қорытындыласам Атырау облысының жер атауларын зерттеу нәтижесінде олардың аймақ тарихы мен мәдениетін терең сипаттайтыны анықталды. Атаулар тек орындардың атауы ғана емес, халықтың тұрмысын, шаруашылығын, табиғатпен байланысын және тарихи оқиғаларға қатысын көрсететін маңызды дерек көзі болып табылады. Зерттеу барысында ежелгі атаулардың халық дәстүрі мен мәдениетімен тығыз байланысы, сондай-ақ заманауи атаулардың тарихи атауларды толықтырып, мәдени мұраны сақтаудағы рөлі анықталды. Бұл атаулар арқылы біз өткенді еске алып, қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, мәдени және тарихи сананы қалыптастыра аламыз. Сонымен қатар, жер атаулары этнографиялық деректер мен фольклор элементтерін зерттеуге де мүмкіндік береді. Халық аңыздары мен тарихи мәліметтер арқылы берілген атаулар аймақтың рухани және мәдени ерекшеліктерін ашады, зерттеушілерге терең талдау жасауға жол береді. Атырау ономастикасы аймақ тарихы мен мәдениетін түсінудің, халық дәстүрін сақтаудың және болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Жер атаулары - тек сөз немесе нышан емес, олар халықтың өткенін, мәдениетін және дүниетанымын бейнелейтін өмірлік маңызды элементтер екені айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1986. 135 б.
2. Диарова М. Топонимия Атырауской области в условиях казахскорусского двуязычия. Атырау: Изд-во АтГУ им. Х. Досмухамедова, 2006. 158 с.
3. Герасимов И. П. Каспийское море: природа, история, хозяйство. Москва: Наука, 1974. 327 с.
4. Аниськова Е.Б. История Мартукского района, 2006. Батыс Қазақстан тарихы. Екі томдық. 2 том. Ақтөбе, 2006. - 524 б
5. The historical and cultural heritage of the Atyrau region as tourism development resource» (Akhmedenov, Sdykov, т.б., 2021)
6. Мурзаев Э. М. Словарь народных географических терминов. - Москва: Мысль, 1984. 653 с.

АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Марякова Д.К.

Ғылыми жетекшісі: PhD - Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

marakovadilnaz@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада Арқалық қаласының ономастикалық кеңістігі тарихи-географиялық үрдістердің, элеуметтік-мәдени өзгерістердің және өндірістік игерілу кезеңдерінің ықпалымен қалыптасқан құбылыс ретінде талданады. Арқалық қаласының қалыптасу тарихында негізгі топоним - Қызылқозы атауының генезисі, оның географиялық, табиғи-ландшафттық және шаруашылық ерекшеліктермен байланысы қарастырылады. Сонымен бірге қала атауының «Арқалық» болып өзгеруінің мазмұндық, семантикалық негіздері мен аймақтық топонимиядағы орны ғылыми тұрғыдан түсіндіріледі. Зерттеуде тарихи мұрағат материалдары, геологтардың далалық күнделіктері, жергілікті тұрғындардың естеліктері және топонимдік сипаттағы филологиялық деректер пайдаланылды. Арқалық аймағына тән жер-су атауларының эволюциясы өңірдің өндірістік-экономикалық дамуы, боксит кенінің игерілуі, жаңа қоныстардың қалыптасуымен тығыз байланыста сараланды. Қаланың ішінде қалыптасқан микротопонимдер, көше атаулары, өндірістік нысандар атаулары және олардың тарихи уәжділігі ономастика ғылымының әдістерімен жүйеленді. Мақала Арқалықтың ономастикалық қабаттарын тарихи кезеңдерге бөліп қарастырып, аймақтың мәдени және өндірістік кеңістігін бейнелейтін атаулардың өзара сабақтастығын анықтауға бағытталған.

Кілт сөздер: Арқалық, Қызылқозы, ономастика, топонимия, микротопоним, боксит кені, аймақтық атаулар.

Аннотация

В статье анализируется ономастическое пространство Аркалыка, сформированное под влиянием природных, исторических и промышленных факторов. Происхождение топонима Кызылқозы связывается с красноватой почвой и древними пастбищными территориями. Переименование в Аркалык объясняется природно-географическими особенностями, где термин обозначает невысокую гряду. На основе архивных материалов геологоразведки и современных